"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/3726
29.06.2018

**«Жырым» ЖШС-нің
басшысы
Н.С.Анарбековке**

(Кіріс:22.06.2018ж. ЗТ-А-1435)

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде *(әрі қарай – Департамент)* Сіздің 22.06.2018 жылғы №36 арызыңыз қаралды.

Департамент тарапынан, «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен өткізілген №2533381-1 «Шымкент қаласы, Тассай шағын ауданы, Жібек жолы даңғылы нөмірсіз, Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы «Шымкент аграрлық колледжі» МКҚК оқу корпус ғимаратын күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алуға өткізілген ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегі мән-жайлар анықталды.

Камералдық бақылаудың барысында Сіздің арызыңыз толыққанды дәлелін таппады. Себебі, Сіздің, осы конкурсқа өтінген өтініміңіздегі біліктілік туралы мәліметіңізде көрсетілген атқарылған жұмыстар бойынша растайтын құжаттар болып табылатын орындалған жұмыстарды қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* Қағиданың 5-қосымшасының ескерпесінде егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Яғни, жұмыс өтілі бойынша растайтын құжаттар, орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері растаушы құжат болып танылады.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің шағымдарыңызда көрсетілген уәждеріңіз бойынша конкурстық комиссияның іс-әрекетінде заң бұзушылықтар деректері анықталмады.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

**Департамент басшысының
орынбасары** **К.Сапарбеков**

О.Ажибеков
☎35-00-35 (117)